

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 18 маусымдағы № 457 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 18 маусымдағы
№ 457 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қорынан қаражат төлеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 15 сәуірдегі № 342 қаулысы.

2. "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қарашадағы № 1126 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы" 2003 жылғы 31 наурыздағы № 1051 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 маусымдағы № 623 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы.